

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫ

2023 жылғы 5 мамыр

№: AIFC-C/CA/2023/0013 ic

«Жерүсті ғарыштық инфрақұрылым объектілерін пайдалану орталығы» акционерлік қоғамы

Арыз беруші/Жауапкер

және

«Бәйтерек» бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорны» акционерлік қоғамы

Жауапкер/Талап қоюшы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

(1) Мерзімді ұзарту туралы өтініш қанағаттандырылды.

(2) Апелляцияға рұқсат берілді.

ШЕШІМ

1. 2022 жылғы 8 қарашадағы № AIFC-C/CFI/2022/0015 іс бойынша шешімімен және бұйрықпен «Астана» халықаралық қаржы орталығының бірінші инстанциядағы соты («БИС») Талап қоюшының пайдасына Жауапкерге қарсы 13 684 550 338,70 теңге сомасына шешім шығарды. Талап Жауапкердің тараптар арасындағы шартқа сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу жөніндегі міндеттемелерді орындамауына қатысты болды. Сот соманы төлеуге болмайтындай маңызды себептерді Жауапкердің ұсынбағанын көрсетті. Талап қою бойынша жалғыз қарсылық юрисдикция туралы дәлел болды, оны сот кедергісіз қабылдамай тастады.
2. Арыз берушінің 2023 жылғы 29 наурызда берілген хабарламасы бойынша, АХҚО Сотының қағидаларының 29.10 қағидасында белгіленген мерзімнен көп уақытта Жауапкер мерзімді ұзарту және БИС шешіміне шағымдануға рұқсат туралы өтініш берген. Апелляцияның негіздері БИС-те көрсетілмеген дәлелдерге сүйенеді.
3. Бір қарағанда, мұндай өтініш перспективасыз болып көрінеді. Алайда, өтініштің сыртында бұл істі ерекше ететін нақты жағдайлар жасырулы. Қысқаша айтқанда, Жауапкер БИС шешімі шығарылғаннан кейін бірден басталған талдау компанияның Сот шешімін орындау үшін қажетті активтері жоқ екенін көрсетті деп түсіндіреді. Сот шешімін орындау бизнестің тоқырауына және 10 000-нан аса адам жұмыс істейтін компания үшін ауыр әлеуметтік және экономикалық салдары бар банкроттыққа әкелер еді. Сот шешімін орындау шаралары компанияның мүлкін әкетуге және иеліктен шығаруға тыйым салуға алып келді, бұл, басқалармен қатар, Талап қоюшының пайдасына «Бәйтерек» зымыран-ғарыш кешенін дамыту жұмыстарының аяқталуына қауіп төндірді. Осының бәрі тараптар арасында одан әрі қарай талқылау жүргізуге және ақшалай сыйақының мөлшерін даулауға болатын негізді анықтауға әкелді, атап айтқанда, берілген сома Жауапкер өз міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде Талап қоюшы шеккен шығындарға сәйкес келмейтін тұрақсыздық айыбы болып табылады: негіз Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің материалдық құқықтың шартпен реттелуі көзделетін 333-бабына және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 297-бабына жасалған.
4. Жауапкер тараптардың соттан тыс реттеуге қол жеткізу талпыныстарының барысында АХҚО Сотының аппараты БИС шешімін және оны орындау процедурасын тікелей өзгертетін реттеу мақұлданбайтынын айтты деп мәлімдеді. Бұл апелляцияны, оны қарау мерзімі өткізіліп алғанымен, қарауға әкелді. Тараптар келісімшартты орындаумен байланысты дауларды шешу кезіндегі ынтымақтастық туралы 2023 жылғы 24 наурыздағы меморандумға қол қойған. Осы меморандумға сәйкес Талап қоюшы мерзімді ұзарту туралы өтініш беруге және шағымдануға

рұқсат етілуіне қарсы болмауға келісті. АХҚО Соты қағидаларының 29.13 қағидасына сәйкес жазбаша ескертулерде Талап қоюшы меморандумды процестік жағдайға қатысты растады, бірақ апелляцияның мәні бойынша позициясын білдіру құқығын өзіне қалдырды.

5. Жоғарыда сипатталған ерекше мән-жайларда, мен Сот дауды шешу мақсатында тараптар арасында одан әрі талқылаулар жүргізу жолын кеспеуі тиіс деп санаймын. БИС шешімін өзгерту туралы шешімді апелляциялық сот қабылдайтын болғанымен, тиімді реттеу негізінен апелляция шеңберінде мүмкін болып табылады. Тиісінше:
- (1) Мен ұзартудың талап етіліп отырған ұзақтығына қарамастан, мерзімді ұзарту туралы өтінішті қанағаттандырамын. Мен кідірістің көрсетілген себептерін және Жауапкердің өтінішке қарсы еместігі фактісін назарға аламын (дегенмен, АХҚО Соты қағидаларының 29.11 қағидасына сәйкес, тараптар апелляция беру мерзімін ұзарту туралы өз беттерінше уағдаласа алмайтынын атап өткен жөн - шешімді сот қабылдайды).
- (2) Мен сондай-ақ апелляция беруге рұқсат ету туралы өтінішті де қанағаттандырамын. Мен мұны апелляцияның сәтті болу нақты перспективасы бар болғандықтан емес - сотқа ұсынылған шектеулі материал негізінде бұл мәселе бойынша шешім қабылдау қиын, табысқа жету перспективаларына БИС алдында дәлелдер келтірілмегендігі де теріс әсер етеді, - сипатталған мән-жайларда апелляция қаралуы тиіс болатын қандай да бір басқа салмақты себеп бар болуының негізінде жасаймын (АХҚО Соты қағидаларының 29.6 қағидасын қараңыз).
6. Тараптар дауды реттеуге қол жеткізе алады деп үміттенген жөн; бірақ реттеу жоқ болған жағдайда апелляция АХҚО Соты қағидаларының 29-бөлігінде баяндалған процедураға сәйкес толық көлемде қаралатын болады.

Сот қабылдады,

Сэр Стивен Ричардс
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік ету:

Арыз беруші/Жауапкер атынан «Жерүсті ғарыштық инфрақұрылым объектілерін пайдалану орталығы» акционерлік қоғамының атқарушы директоры Максим Драгунихин мырза өкілдік етті.

Жауапкер/Талап қоюшы атынан «Бәйтерек» бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорны» акционерлік қоғамының атқарушы директоры Александр Цой мырза өкілдік етті.